«Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдау бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

01 шілде 2026 жыл Ақтау қаласы

«Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (бұдан әрі-Басқарма) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Басқарма туралы Ережені басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі-Талдау) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқолыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқолыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 2026 жылғы 03 маусымдағы №01-17/321 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Талдау жүргізу барысында келесі міндеттер зерделеу жүргізілді:

1. Қолданыстағы нормативтік құқықтық құқықтық актілер мен құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (бұдан әрі-СЖТ) анықтау;
2. Ішкі құжаттарда СЖТ анықтау;
3. Персоналды басқарумен байланысты СЖТ анықтау;
4. Мүдделер қақтығысымен байланысты СЖТ анықтау;
5. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты СЖТ анықтау;
6. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты СЖТ анықтау;
7. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты СЖТ анықтау;
8. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты СЖТ анықтау;
9. Қаржылық-шаруашылық қызметпен байланысты СЖТ анықтау;
10. Жасырын мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде СЖТ бағыттары бойынша жұмыс жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі – 2026 жылдың 08 маусымнан 08 шілдеге дейін.

I. Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық қатерлері.

Басқарма өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

13.04.2005 жылғы № 39 ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы, 29.12.2008 жылғы № 114-IV «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», 06.04.2016 жылғы № 482-V «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 04.12.2015 жылғы №434-V ҚР Заңы, 12.04.2005 жылғы №36 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйақылар туралы» ҚР Заңы, 22.07.2011 жылғы № 477- IV «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы, 17.07.2001 жылғы № 246 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» ҚР Заңы, 04.12.2008 жылғы № 95- IV ҚР «Бюджет кодексі» және «2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту» Ұлттық жобасы.

Кадр қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) кадр қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімі;
2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
3. Жеке істерді және кадрлық құжаттаманы жүргізу;
4. Тәртіптік комиссияның қызметі;
5. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша шаралар.

1 . Мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімі:

Маңғыстау облысы әкімінің аппараты бос тұрған әкімшілік мемлекеттік лауазымға конкурс жариялайды және өткізеді.

Конкурсқа қатысуға үміткерлер «Е-қызмет» порталы арқылы белгіленген тәртіпке сәйкес өтініш береді.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер электрондық форматта өтініш пен қажетті құжаттарды белгіленген мерзімде тапсырады. Құжаттары талаптарға сай келетін үміткерлер конкурстық іріктеуге жіберіледі.

Конкурс комиссиясы құрылып, конкурс кезеңдерін өткізеді. Комиссияның мүшелері «Е-қызмет» жүйесінде тіркеледі. Комиссия

мүшелерінің аты-жөндері және кандидаттардың деректері жүйеде кодталады (жасырындалады), яғни ашық көрсетілмейді.

Әңгімелесу онлайн форматта «Е-қызмет» жүйесінде өткізіледі. Үміткер жүйеге кіріп, өз уақыты бойынша белгіленген күні мен уақытта комиссия сұрақтарына жауап береді. Бейнебайланыс арқылы әңгімелесу барысы жазылады.

Комиссия мүшелері кандидаттарды бағалайды. Бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі және жүйеде автоматты түрде есептеледі. Ең жоғары балл жинаған үміткер конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Конкурстың нәтижелері «Е-қызмет» жүйесінде жарияланады. Барлық қатысушылар конкурс қорытындысымен жүйеде таныса алады.

2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерді оқыту қағидаларына сәйкес Басқармада мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру семинарларының жоспар-кестесі жасақталып, бекітіледі.

2025-2026 жылдары жоспарға сәйкес, 4 қызметкер қайта даярлау курстарынан өтті, 3 қызметкер біліктілігін арттырды, оның ішінде, мемлекеттік қызметтерді көрсету бөлімдерінің басшылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты бойынша біліктілігін арттыру курсынан өтті.

3. Жеке істерді және кадрлық құжаттаманы жүргізу:

Жеке істер мен кадрлық құжаттаманы жүргізу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мекемеде қызметкерлердің жеке істері қалыптастырылып, олар жүйелі түрде толықтырылып отырады. Жеке істерде қызметкердің өмірбаяны, жеке куәлік көшірмесі, білім туралы құжаттар, еңбек қызметін растайтын құжаттар, кадрлық бұйрықтар, марапаттар туралы мәліметтер қамтылады.

Қызметкер қабылданған сәттен бастап жұмыстан босатылғанға дейінгі барлық мәліметтер тиісті бұйрықтармен рәсімделіп, жеке ісіне тіркеледі. Қызметкерлердің тағайындалуы, ауысуы, демалыстары, біліктілігін арттыруы және еңбек шарттарының өзгерістері уақтылы құжатталып, есепке алынады.

Жеке істер мен кадрлық құжаттар ұйымның кадрлық қызметі тарапынан құпиялылықты сақтай отырып жүргізіледі және заңмен белгіленген тәртіпте мұрағатқа тапсырылады.

4. Тәртіптік комиссияның қызметі:

2026 жылы Басқарма басшысының атына 2 қызметтік жазба келіп түсті. Қызметтік жазбалар негізінде қызметтік тексеру жүргізу жөнінде жұмыс тобылар құрылды.

Нәтижесінде 2 іске қатысты зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Комиссия отырыстары қолданыстағы заңнама мен ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өткізілді.

5. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу бойынша шаралар:

Мемлекеттік қызметшілер арасында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Әдеп кодексінің талаптары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру мақсатында антикоррупциялық саясат бойынша 2025 жылы басқарма қызметкерлері «DOCUMENTOLOG» электрондық құжат айналым және бизнес-процесстерді автоматтандыру жүйесінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары» біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2026 жылы мемлекеттік қызметтерді көрсету бөлімдерінің басшылары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс» тақырыбындағы біліктілігін арттыру курсынан өтті.

Кадр қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық көріністері анықталған жоқ.

Еңбек қатынастары және әлеуметтік әріптестік бөлімінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалы анықтама

«Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының 2026 жылғы 5 маусымдағы №01-17/321 ***«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»*** бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Бөлім қызметін «Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылғы 12 наурыздағы №03-09/152 Бұйрығымен бекітілген Ережеге сәйкес, жүзеге асырады.

Ішкі талдау жүргізілетін кезең 2026 жылдың 8 маусымы мен 8 шілде аралығы.

«Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Еңбек қатынастары және әлеуметтік әріптестік бөлімінің *(әрі қарай – Бөлім)* қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында келесідей мән-жайлар анықталды.

Құқықтық актілер бойынша:

Бөлім тарапынан ешқандай құқықтық актілер қабылданбады.

Өтініштерді қарау:

Бөлім тарапынан 2026 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша «Е-Өтініш» АЖ арқылы 18 өтінішке (барлығы жеке тұлғалардан), Бұлтты құжат айналымы немесе (DOCUMENTOLOG) жүйесі арқылы 452 хатқа қолданыстағы заң талаптарына сәйкес жауап берілді, мерзімінен кешіктіріліп жауап берілген өтініштер жоқ.

Есепті мерзім ішінде құжаттарды орындамауға қатысты заң бұзушылықтар анықталған жоқ;

Мемлекеттік қызметті атқаруда сыйыспайтын әрекеттері үшін жауапкершілікке тарту фактілері анықталмады.

Есептік мерзім ішінде, мемлекеттік қызметкерлердің әрекетіне қатысты шағым түскен жоқ.

Бөлім тарапынан «Еңбек жолы» және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурстарының өңірлік кезеңдеріне құжаттар қабылданады.

ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы белгіленді. Сонымен қатар, жыл сайын «Еңбек жолы» конкурсына да өтінімдер қабылданады.

Конкурс **өңірлік** және **республикалық** кезеңдерді құрайды.

Аталған екі конкурстың өңірлік кезеңдерін арнайы құрылған комиссия қарап, бағалайды.

Конкурсқа қызметін кемінде үш жыл жүзеге асыратын, таратылу сатысында, яғни банкрот деп танылмаған, еңбек заңнамасының жойылмаған бұзушылықтары, яғни еңбек жалақысы мен басқа да төлемдер бойынша берешегі жоқ, ұжымдық еңбек даулары жоқ, заңға қайшы ұйымдарды қаржыландырумен айналыспайтын, дәйекті мәліметтерді сондай-ақ құжаттарды толық көлемде ұсынған үміткерлер жіберіледі.

Тәуекелдер: Осы орайда, құжаттардың толықтығын қарайтын Бөлім қызметкерлері тарапынан жоғарыда аталған талаптарға қайшы келетін

кәсіпорындар өтініш білдірген жағдайда ақпараттарды бұрмалап, жанама, жалған ақпарат ұсыну мүмкіндігі бар. Себебі, комиссия мүшелерінде кәсіпорындар ұсынған ақпараттардың дәйектілігін тексеретін ақпараттық жүйе қарастырылмаған.

Ұсыныс: Комиссия мүшелерін арнайы ақпараттық жүйелермен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру.

Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау бойынша:

Нормативтік құқытық актілер мен құқықтық актілерді өз бетінше түсінуге мүмкіндік туғызатын құқықтық ауытқулар анықталған жоқ.

Бөлімдегі моральдық - психологиялық ахуал тұрақты.

1. Есептілік кезеңде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Басқарма басшысының 2025 жылғы 12 наурыздағы №03-09/152 бұйрығына сәйкес, Бөлімдегі штат саны 4 адамды құрайды. Оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер саны 3 (бөлім басшысы мен 2 бас маман), өзге қызметкерлер саны 1. Мемлекеттік қызметте бос орын – жоқ.

2. Есептілік кезеңде **мүдделер қақтығысы** орын алған жоқ.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар жоқ.

Қызметкерлерінің кірістері және мүліктері туралы декларациялары уақытылы, белгіленген кезеңге тапсырылуда.

Есептік мерзім ішінде мемлекеттік қызметкерлердің әрекетіне қатысты шағым түскен жоқ.

Қауіп: жоқ.

Ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша:

Бөлімнің барлық қызметкерлері компьютермен және ақпараттық жүйелермен қамтылған және қызметкерлер олармен жұмыс жасауды толық меңгерген.

Ұсыныс:

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын жағдайларды болдырмау мақсатында алдын-алу шаралары және аптасына кемінде 1 (бір) рет түсінік жұмыстарын жүргізу;

Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес сыбайлас фактілері үшін, қылмыстық жауапкершілік бар екендігі туралы барлық қызметкерлерге түсіндіру;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда немесе қызмет алушы тарапынан өздігінен пара беру, сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын

жағдайлар фактілерін байқалған уақытта жоғары тұрған басшыларға тез арада хабарлау арқылы заңда көрсетілген тәртіппен әрекет етуді назарларына жеткізу;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша анықталған немесе болуы ықтимал жағдайлар туралы ақпаратты жауапты орындаушыға ұсыну.

Шетелдік жұмыс күшін тарту мәселелері жөніндегі бөлімі.

Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы *«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту»* мемлекеттік қызметін жүзеге асырады.

Рұқсаттар ҚР «Халықтың көші-қоны туралы», ҚР Еңбек Заңына және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің қолданыстағы бұйрықтарына сәйкес беріледі.

Бөлім қызметтерін жүзеге асыру кезінде қолданылатын нормативтік құқықтік актілеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің *«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»* 2023 жылғы 30 маусымдағы № 279 бұйрығы;

2. «Шетелдік жұмыс күші» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне талдау жүргізу;

Төмендегідей талдау жұмыстары жүргізілді:

1.1 Қағиданың 2-1тармағында жұмыс беруші электрондық еңбек биржасына бос жұмыс орнының (орындарының) болуы туралы мәліметтерді берген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң орналастырылған бос жұмыс орнын **жариялау кодын көрсете отырып,** шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтініш жібереді, делінген.

Алайда, *Қағида талаптарында* Электронық еңбек биржасындағы бос жұмыс орны туралы мәліметтердің нақты **әрекет ету мерзімі** айқындалмаған.

Бұл ретте жұмыс беруші бос жұмыс орны туралы мәліметті Электрондық еңбек биржасында формальды түрде жариялап, жарияланғанын растау мақсатында скриншот алады, кейін хабарландыруды мерзімінен бұрын алып тастайды. 15 күнтізбелік күн өткеннен кейін жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тартуға өтініш бере отырып, бос жұмыс орнының архивке өткенін негіз ретінде көрсетеді және оны скриншотпен растайды. Алайда, жергілікті атқарушы орган тарапынан бос жұмыс орнының болуы туралы мәліметтерді Электрондық еңбек биржасында үздіксіз жарияланғанын тексеру мүмкін емес.

Іс жүзінде Электрондық еңбек биржасында жарияланатын бірқатар бос жұмыс орындары жергілікті кадрларды жұмысқа қабылдау мақсатында емес,

шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алуға қажетті рәсімдік талапты орындау мақсатында орналастырылады. Яғни, жарияланған бос жұмыс орындары бойынша жергілікті мамандарды даярлау, іріктеу не оларды нақты жұмысқа орналастыру шаралары тиісті деңгейде жүргізілмейді. Көп жағдайларда бұл бос жұмыс орындары бастапқыдан-ақ шетелдік жұмыс күшіне бағытталған болып келуі мүмкін.

Сондай-ақ бос жұмыс орындарын жариялау рәсімі формалды сипатта емес, ең алдымен қазақстандық азаматтарды жұмыспен қамтуға бағытталуы тиіс.

1.2 Бірнеше ай бұрын жарияланған және қазіргі таңда архивке өткен бос жұмыс орындары еңбек нарығындағы жағдайды көрсетпейтіндігі шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру ресімін қарау кезінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бұдан бөлек, электрондық еңбек биржасында жарияланған бос жұмыс орындары уақыт өте келе өзгертілуі немесе басқа лауазымдармен алмастырылуы ықтимал.

1.3 Еңбек биржасында орналастырылған бос жұмыс орындары бойынша еңбекақы мөлшері көрсетіледі. Алайда, кейбір жұмыс берушілер бос жұмыс орнына төмен жалақы мөлшерін белгілейді. Егер аталған жұмыс орнына жергілікті кадрлар қызығушылық танытпаған болса, дәл осындай еңбекақы үшін шетелдік жұмыс күшінің де келуі күмән тудырады.

Осындай тәжірибелер ішкі еңбек нарығында жергілікті кадрларды жұмыспен қамту мүмкіндіктерін шектеуі ықтимал.

1.4 Қағиданың 14 тармағына сәйкес төртінші санат бойынша рұқсат беру кезінде жұмыс беруші алты айдан бір жылға дейінгі кезеңде шетелдік жұмыскерлерді төртінші санатқа жататын бірдей лауазымдар немесе өзге де лауазымдар бойынша қазақстандық азаматтарға ауыстыруды жүзеге асыру міндеті көрсетілген.

Бүгінгі таңда қолданыстағы заңнамада бұл міндеттемені орындамаған жұмыс берушілерге жаңа рұқсаттар алуға нақты шектеу қою көзделмеген.

Алайда, жұмыс беруші жаңа рұқсат алуға қайта өтініш білдірген жағдайда, жергілікті атқарушы орган бекітілген құжаттар тізіліміне сәйкес өткен кезеңдегі ауыстыру міндеттемесінің орындалуын талап етеді.

Дегенмен, бұған дейін қолданыста болған осы талапты орындамағаны үшін жауапкершілікті қарастыратын 27-тармақтағы негіздер ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2025 жылғы 28 маусымдағы № 93 бұйрығымен *(01.09.2025 бастап қолданысқа енгізілді)* алынып тасталынған.

1.5. Жұмыс беруші Қағиданың 14 – тармағында көрсетілген талаптарды орындап, шетел азаматының орнына Қазақстан азаматын қабылдаса, кейін сол шетел азаматын сол лауазымға қайта тарту немесе еңбек шартын бұзу туралы Қағидада нақты далелдер яғни алмастырылған қызметкерге қатысты шектеу тікелей көрсетілмеген.

1.6. Қағиданың 40 - тармағында «Рұқсатта көрсетілген лауазымға сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша шетелдік қызметкерді тартқан

кезде, сондай-ақ жұмыс беруші осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген шарттарды сақтамаған кезде жергілікті атқарушы орган қолданыстағы шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты кері қайтарып алуды жүргізеді.

Бұл ретте жергілікті атқарушы орган саны осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген пайыздық қатынастардан асатын соңғы берілген рұқсаттарды кері қайтарып алады» делінген.

Алайда, жұмыс беруші қайтарып алынған рұқсаттарды қайта қалпына келтіру жөнінде сот шешімін ұсынған жағдайда, рұқсаттарды қайта қалпына келтіру процесі қарастырылмаған. Яғни, жұмыс беруші қайта жаңа рұқсат алуға мәжбүр болады және рұқсат бергені үшін салық алымын төлейді.

1.7 Қағиданың 16 - тармағында «Жергілікті атқарушы орган халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде рұқсат береді» делінген.

Жұмыс берушілер тарапынан өтінімдердің уақытылы ұсынылмауына байланысты кейбір кәсіпкерлер мен шаруашылық субъектілеріне квота қарастырылмаған.

Десек те, заңнамада квотасы жоқ жұмыс берушілерге қатысты нақты шектеулер көзделмеген және квотаның болмауы оларға рұқсат беруден бас тартуға негіз болып табылмайды.

Нәтижесінде квотаға алдын ала қажеттілікке өтінім берген жұмыс берушілерге бөлінген квота өтінімдері ескерілмей квота өзге субъектілерге бөлінген жағдайда олардың шетелдік жұмыс күшін тарту мүмкіндігі шектеледі. Жұмыс берушіге шетел азаматын тартуға нақты қажеттілік туындаған кезде жергілікті атқарушы орган тарапынан шешім қабылдау барысында қиындықтар орын алады.

Бұл жағдай қызмет алушының құқықтарын шектеу болып табылады.

1.8. Қағиданың 25 - тармағында Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар мерзімінде: бірінші санат үшін – рұқсат мерзімін бір, екі немесе үш жылға ұзартумен, жұмыс берушінің өтініші негізінде бір, екі немесе үш жылға, деп көрсетілген.

Алайда, қолданыстағы рұқсаттардың мерзімін қанша рет ұзартылатындығы көрсетілмеген

Ұсынымдар:

Қағидаға енгізілу қажет толықтырулар мен өзгертулер бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсыныс жолдау.

2. «Шетелдік жұмыс күші» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі «ШЖК»ААЖ) жетілдіру бойынша:

1. Қызмет көрсету процесін толық цифрландыруды қамтамасыз ету, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің өзара интеграциясын жүзеге асыру;

2. Қолданыстағы Қағида талаптарында көзделген нормаларды «ШЖК» ААЖ-мен толық сәйкестендіру;

3) Бос жұмыс орындарының жариялану мерзімін автоматты түрде тексеретін функционалды енгізу;

4) шетелдік қызметкерлерге берілген жұмыс рұқсатын жұмыс берушінің өз еркімен кері қайтарып алу процесін қағаз форматынан электрондық форматқа көшіру;

5) ақпараттық жүйеге қолмен түзету мүмкіндігін енгізу;

6) жүйеде жұмыс берушіде еңбек қызметін жүзеге асырып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының нақты санын көру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

7) ақпараттық жүйеде маусымдық жұмыстарға тартылған шетел азаматтарына берілген рұқсаттардың санын енгізу функционалын қосу;

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді үйлестіру бөлімі

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидасына сәйкес, арнаулы әлеуметтік қызметтерді үйлестіру бөліміне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша келесі бағытта жүргізілді:

1) бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлім Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының құрылымдық-бөлімшесі болып табылады.

Бөлімнің штаты Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес, басқарманың штаттық кестесімен анықталады. Бөлімде бөлім басшысы және 3 бас маман қызмет атқарады.

Есептік кезеңде штат құрамында қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша жұмыстан босатылып немесе қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілері болған жоқ.

Аталған мерзімде бөлім жеке және заңды тұлғалардан барлығы 46 арыз-шағым түсіп, оның 43 қаралған және 3 шағым қарастырылу үстінде. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз-шағымдар бойынша сыбайлас жемқорлыққа жатқызылатын іс-қимылдар қозғалған жоқ. Бөлімде кадрлар ауысымы, мүдделер қақтығысы мен бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын мәселелер орын алған жоқ. Бөлімнің қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік ішкі аудит комитетінен тексеріс жүргізіліп, тексеріс қорытындысымен

заңбұзушылық мәселелері болған жоқ. Одан бөлек сот инстанцияларында бөлімнің қызметіне қатысты арыз-шағымдары қаралған жоқ.

Бөлім қызметінде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №230 бұйрығымен бекітілген Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын басшылыққа алады.

Бөлім арнаулы әлеуметтік қызметтерден бөлек мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мен гранттық қаржыландырулардың іске асырылуын үйлестіреді. Бұл ретте мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды ұйымдастыруда бөлім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сүйенеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша аталған нормативтік құқықтық актілерде келесідей құқықтық олқылықтар анықталды:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 126-тармағында конкурстық комиссияның құрамына тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органның өкілдерін, оның келісімі бойынша веб-порталда тіркелген қызметкерлердің қатарынан енгізіледі делінген.

Осы тармаққа сәйкес, бөліммен жүргізілетін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа конкурс ұйымдастыру барысында комиссия құрамына әлеуметтік сұрақтарды жетекшілік ететін басшы орынбасары және арнаулы әлеуметтік қызметтерді үйлестіру бөлімінің басшысы мен бас маманы енгізілген. Сол себепті осы тармаққа сәйкес ұсыным:

Комиссия құрамына енгізілетін тұлғалардың қатарына өзгерістер енгізу немесе мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар тарапынан жүргізу.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 590-тармағында әлеуетті өнім беруші конкурстық комиссияның шешіміне шағым берген жағдайда, шағымды мәлімделген тараптар (дәлелдер) шегінде шағымдарды қарауға жауапты тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесі не лауазымды адам қарайды делінген.

592-тармаққа сәйкес,шағым қарау нәтижесі бойынша шешімге тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не оның орынбасары қол қояды.

Шағым қарау барысында да тапсырыс берушілер мен өнім берушілер арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алуы мүмкін. Осыған орай ұсыным:

Конкурстық комиссияның шешіміне өнім берушілерден келген шағымды қарауды тапсырыс беруші тарап емес, мемлекеттік сатып алудың жүргізілуін реттеуші уәкілетті органға немесе өз алдына шағым қараушы комиссия құрылу жолымен қарау ұсынылады.

Сонымен қатар, бөлім облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін орталықтардың әлеуметтік қызметкерлерін аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады. Аттестаттау жұмыстары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 210 бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерді аттестаттау қағидаларының *(әрі қарай – Қағида)* негізінде жүргізіледі.

Әлеуметтік оңалту бөлімі бойынша.

Мүгедектігі бар адамдар протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, санаторий-курорттық емдеу қызметтерімен, жеке көмекшімен және ымдау тілі маманымен қамтамасыз етіледі әлеуметтік қызметтер порталы арқылы (Aleumet.egov.kz) белгіленген кепілдік берілген сомасы шегінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Оңалту құралдарымен мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасы әзірленген медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының медициналық қорытындыға сәйкес қамтамасыз етіледі.

Мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер порталында (Aleumet.egov.kz) техникалық құралдарды және оңалту қызметтерін өндіруші мен өнім беруші өз бетімен таңдай алады. Оңалту құралдарына тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Берілген құралдарға тапсырыстар курьер арқылы жеткізіледі немесе өз еркімен арқылы алуға болады.

2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексіне сәйкес мүгедектігі бар адамдар оңалту құралдарымен қамтамасыз етіледі;

«Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 283 бұйрығына сәйкес;

«Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту кемістігі бар мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 286 бұйрығына сәйкес;

«Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 бұйрығына сәйкес;

«Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығына сәйкес;

Мүгедектігі бар адамдар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы "коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы; «Электрондық үкімет e-gov» веб-порталы, ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы өтініш береді, бұл қызметтерді тиімді және уақтылы алу процесінің ашықтығын, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын бақылауды қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді және тауарлар мен қызметтерге неғұрлым әділ қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Портал мүгедектігі бар адамдарға шағымдар, пікірлер мен ұсыныстар қалдыруға мүмкіндік береді, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

Әлеуметтік көмек бөлімінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысының анықтамасы

Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсету (бұдан әрі - бір реттік көмек) қызметі өңірімізде 2021 жылдан бастап өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына сәйкес аталған көмек 5 санатқа көрсетіледі:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілген 2 санатты анықтау үшін АӘК алатын немесе алмайтынына қарамастан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға бағытталған және отбасының табысын АӘК-ке өтініш білдіру арқылы анықтау емес, тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алатындығы көрсетілген.

Алайда, жыл сайын шілде-қыркүйек айларынан бастап облыс тұрғындары табыс деңгейін растау мақсатында жаппай АӘК-ке өтініш беріп, нәтижесінде АӘК мемлекеттің қызметіне түскен өтініштер санының негізсіз көбеюіне әкеліп соғуда.

2024 жылғы өтініштер статистикасына сәйкес:

01.01.2024 - 31.03.2024 аралығында 3 139 өтініш түсіп, оның ішінде 1 990 отбасыға АӘК тағайындалып (63,4%), 1 149 отбасыға АӘК тағайындаудан бас тартылды (36,6%);

01.04.2024 - 30.06.2024 аралығында 3 910 өтініш түсіп, оның ішінде 2 272 отбасыға АӘК тағайындалып (58,1%),1638 отбасыға АӘК тағайындаудан бас тартылды (41,9%);

01.07.2024 - 30.09.2024 аралығында **26 681 өтініш түсіп**, оның ішінде 2508 отбасыға тағайындалып (9,5%), ал қалған **24 173 (90,5%)** өтініш отбасының табысын анықтау үшін білдірілген.

01.10.2024 – 31.12.2024 аралығында 4 641 өтініш түсті, оның: 2 715 отбасыға тағайындалды (58,5%), 1 926 отбасыға бас тартылды (41,5%). 2025 жылдан бастап АӘК тағайындауда учаскелік комиссиялардың қызметі цифрландыру бағытына ауыстырылды.

Қазіргі таңда учаскелік комиссиялар «FSM Social» қосымшасында геолокация арқылы отбасының материалдық жағдайын тексеріп, АӘК тағайындау қажеттілігі жөнінде қорытынды шығарады.

Алайда, шілде-қыркүйек айларында бір реттік көмек қорынан көмек алу үшін өтініштердің көп түсуі, өтініштерді қабылдау және учаскелік комиссияның тексеру жұмыс процесінің бұзылу қаупін тудырады және бұл кезегінде мамандарға жүктелетін жұмыс көлемі 6-7 есе артып, шамадан тыс жұмыс істеуіне және жұмыс тиімділігін төмендетуге әсер етіп отыр.

Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыры мүмкін. Осыған орай, бір реттік көмекке өтініштерді атаулы әлеуметтік көмек арқылы қабылдау тәсілі тиімсіз екенін атап өтеміз және Қазақстан Репсубликасының Оқу-ағарту министрлігі тарапынан аталған санатты анықтау тәртібін жетілдіру қажет деп санаймыз.

Осы мәселені шешу мақсатында өтініш берушінің жан басына шаққандағы орташа табысын (отбасы құрамында бар адамдардың табысын анықтау арқылы оның ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен немесе жоғары екенін) ***АӘК-ке өтініш білдірмей автоматты түрде анықтау үшін «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесін Ұлттық білім беру дерекқоры (НОБД) базасымен интеграциялау мүмкіндігін қарастыруды ұсынады.***

Экономика және қаржы бөлімі

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидасына сәйкес, экономика және қаржы бөліміне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша келесі бағытта жүргізілді:

1) бөлімнің сатып алу процестерінің ашықтығын тексеруге және заңбұзушылықтардың алдын алу;

2) бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлім Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының құрылымдық-бөлімшесі болып табылады.

Бөлімнің штаты Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес, басқарманың штаттық кестесімен анықталады. Бөлімде бөлім басшысы және 3 бас маман қызмет атқарады.

Есептік кезеңде штат құрамында қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша жұмыстан босатылып немесе қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту фактілері болған жоқ.

Бөлімде 2 рет кадрлар ауысымы болды: 1 жаңа бас маман жұмыс қабылданып, 1 бас маман өз еркімен жұмыстан босатылды. Бөлімде мүдделер қақтығысы мен бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын мәселелер орын алған жоқ. Бөлімге қатысты мемлекеттік органдардан тексерістер жүргізілмеді.

Экономика және қаржы бөліміндегі сатып алу процесі Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алау туралы» Заңы және 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің №687 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Сатып алуды жоспарлау кезеңі:

* Мемлекеттік сатып алу жоспары бекітілген бюждеттік өтінімдер мен тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің нақты қажеттілігіне сүйене отырып жүргізілген.

* Нарықтағы бағаларға праис – парақтарды салыстыру жүргізілді, сатып алу жарияламас бұрын кемінде 3 баламалы коммерциялық ұсыныс, яғни праис жинақталды.

Техникалық ерекшелікті дайындау:

* Сатып алуды жариялау алдында техникалық ерекшелікті бейінді мамандармен қайта тексеру жүзеге асырылды.

Өнім берушіні таңдау және тәсілдерді қолдану:

* Мемлекеттік сатып алу тәсілдері Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алау туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады және мемлекеттік сатып алудың 5- бабында көрестілген қағидаттарына сүйенеді.

* Электрондық портал арқылы автоматты түрде ұпай беру және демпингті есептеу адами факторды толық жояды.

Ағымдағы жылдың жарты жылдығында 6 мемлекеттік сатып алу ашық конкурс тәсілімен, 4 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу, 9 тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден өткізілді.

Шарттардың орындалуы және тауар, қызметті қабылдау алу:

* Барлық электрондық шот- фактуралар мен қабылдау актілері тек тауар нақты қоймаға түскеннен және тексерілгеннен кейін рәсімделеді.

* Міндеттемесін орындамаған Өнім берушілерге күніне 0,1% мөлшерінде айыппұл салынады, немесе мүлдем орындамаған жағдайда жозықсыз өнім берушілер қатарына қосу туралы сотқа талап-арыз жолданады.

Осы жүргізілген мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің негізінде мүдделер қақтығысы және адами фактор орын алмағандығын, яғни конкурс комиссиясының мүшелері мен мемлекеттік сатып алу мамандарының қатысушы өнім берушілермен туыстық немесе үлестік қатысы тексерілді. Мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Кез келген өткізілетін мемлекеттік сатып алу тәсілдерінде баға ұсыныстары ашылғанға дейін қатысушылар туралы ақпарат құпия сақталды. Мекеменің ішкі бұйрықтары мен лауазымдық нұсқаулықтарында мүдделер қақтығысын болдырмау тармақтары бекітілген.

Жүргізілген талдау нәтижелері барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша қорытынды ұсыныстар:

* Бір көзден сатып алу тәсілінің үлесін барынша азайтып, ашық конкурс тәсілінің үлесін арттыру.

* Сатып алуға жоспарланған тауарлар мен қызметтердің техникалық ерекшеліктерін мемлекеттік сатып алу порталында автоматты түрде алдын ала талдауды жүргізетін мамандарды іске қосу. (бұл сырттан келген шағымдар мен шектеулерд жояды)

* Мемлекеттік сатып алу мамандарына және комиссия мүшелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар бойынша тұрақты түрде семинарлар немесе нұсқаулықтар жүргізу.

* Бағалық ұсынымдарды Өнім берушілердің еркіне салмай, Қазақстан Республикасы бойынша баға мониторингін ұйымдастыру, және барлық тауарлардың бағаларына орташа баға тағайындау.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және оның алдын алу мақсатында.

Осы анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей енгізілген ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін және бекітілсін;

Жоспардың орындалысы туралы ақпарат Жұмыс тобына ұсынылсын.

Жұмыс тобының басшысы: _____ **Г. Мамаева**

Жұмыс тобының хатшысы: _____ **А. Жусупбекова**

Жұмыс тобының мүшелері:

_____ **М. Имангазиева**

_____ **Қ. Колхозов**

_____ **А. Қуаныш**

_____ **Н.Черкешбаев**

_____ **В. Менжанова**

_____ **А. Муратова**

_____ **Л.Кульжанова**